



АЙМАҢДАЙ АРУЛАР

# Менің асыл жеңешем

Нағытай Әбітайқызы туралы мөлтек сыр

Нағытай Әбітайқызымен таныс болғанымда, дұрысы, бірінші рет көргеніме биылғы Жылқы жылының 28-мамырында 54 жыл болады. Өлі есімде, Алматыдағы Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогикалық институтының физика-математика факультетінің екінші курс студенті болсам да ауылдан алыс қалаларға шығып көрмеген, балауыз балапандай, кеп нәрселерді біле бермейтін, кепшілік жерлерге бара да қоймайтын, кеп мәселелердің шешуін таба да білмейтін кезімде, ойламаған жерден 1960 жылдың 28-мамырында сағат 20-да белгіленген Кенжеғали мен Нағытайдың үйлену тойына шақыру билеті қолыма тиді (ол билет күні бүгінге дейін менде сақтаулы). Бұл шақыруға бір жағынан қуандым, екінші жағынан қиналдым. Қуанғаным – студент болғалы алғашқы тойым, қиналғаным – қалай барам, не апарам? Студент қалтасының түбі тесік болатындығы кім-кімге де белгілі... Осы институтта оқып жүрген екі ұл, екі қыз, езімізше қосылып, гүлімізді алып, көрсетілген мерзімде айтылған асханаға жеттік. Толқудамыз. Бидің өзін тәй-тәй басқан сәбидей, жаңа-жаңа үйреніп жүрген кезіміз болатын-ды. Оқып бітірген Семиозердағы қазақ орта мектебінде кеш болмайтын. Бола қалса бисіз ететін. Ол кезде қыздың белі түгіп, қолынан ұстаудың езі ұят саналатын.

Сонымен кеп кешікпей той басталып та кетті. Кенжеғали ағамызды мектептен білетінбіз. Оқушы, одан студент кезінде де үлкен бедел иесі. Мектептің алғашқы медалісі, университеттің Лениндік стипендиаты. Музыка ойнап, той жыры айтылып жатыр. Кенжекеңмен қол ұстасқан нәзік те айдай сұлу, ару қыз Нағытай. Кеп шашу шашылып, жастар орындарына жайғасты. Екі кезіміз қалыңдықтан. Оның күлімдеген кезі мен шырайлы жүзінен нұр төгіліп тұрғандай. Нағытайдың өзін-өзі ұстауы, жүріс-тұрысына таңдай қақпасақ шарамыз қалмады. Жатақханаға келгеннен кейін де кепке дейін айтатын әңгімеміздің езегіне айналды.

Басқаларды білмеймін. Өзім сол тойдан үлкен олжамен оралдым. Шақырылған қонақтар ішінде аттарын тек сырттай естіп, жазғандарын оқып жүрген Қайнекей (Жармағамбетов), Сырбай (Мәуленов), Фафу (Қайырбеков) және басқа да ағаларымызды көріп, олардың сөздерін тыңдап, оқыған өлеңдерін естіп, үзілісте сәлем беріп, қолдарын алып, танысқаным күні бүгінге дейін жадымда. Ал өткен той, ондағы кездесулер мендей балауыз жастарға үлкен тәрбие әрі өмірлік сабақ, әрі үлгі болды.

Кенже ағамыз алғашқы рет жеңгемізді Әулікелге әкелгенде беделді, ел ағалары Ораз бен Нұған, анасы Қаламқастардың кездері тірі, бар кездері. Менің әке-шешем жерлес әрі туыс деп жақсы араласатын-ды. Осындағы тойда бопып, көрген-білгендерін айта келіп, маған "сен де



Нағытай Әбітайқызы отбасымен бірге

текке оқу деп жүрмей, осындай бір келінді қолымызға түсіріп бер, сен қарашаңырақ иесісің" дегенде, "Нағытайдай қыз сирек, оның өзін ағамыз алды, мен енді бұйырғанын, қолға түскенін әкелермін" деген болатынмын. Солай болды да. Бұл жерде айтпағым, ауылдағы тойда болғандардың бәріне жаңа түскен келіннің ұнағандығы, ағайын-туыс сырт кездің ойларынан шыққандығы.

Мен оқуымды бітіріп (1963 ж.) өзімнің ұшқан ұя мектебіме қайтып оралдым. Мұғалім, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, аудандық партия ұйымында, әкімшілікте жауапты қызметтерде істедім. Ал Кенжеғали Әбенұлы өзінің жоғары оқу орнында (ҚазМУ, Халық шаруашылығы институты) қалып (1960 ж.) толайым табыстарға жетіп, Нағытай екеуі ел білетін, жұрт танытын, ғалым атанып, балаға әкена, немереге ата-әже атанды. Содан, 1998 жылдан бастап қарым-қатынасымыз қайтадан ез жалғасын тапты. Өткен 35 жыл ішінде заман өзгерді. Егемендік алып, теуелсіз ел атандық, дербес мемлекетке айналдық.

Қай заманда да тұлғалар мен ұлы адамдардың өмірі қиын, тағдыр тәлкегіне мықтап ұшырап отырғандығы белгілі. Одан біздің кейіпкеріміз Нағытай да айналып етпеген. Оған "Жер бетінде қалған із" атты өмір деректерін жазған кітабы толық дәлел. Өзінің өмірге деген құштарлығы, қанға сіңген ежеттілігі, өзіне-өзі талап қоюшылығы, мақсаткерлігі арқасында жетістіктерге жете білді. Туган әке Ұлы Отан соғысынан оралмады, жастай жетімдік керді. Жаны жаралы, тағдырына назалы жесір ана, қатыгез егей әке. Қиыншылық кере жүріп мектеп бітіріп, құрбыларынан қалмауға тырысып, қатарынан екі жыл оқуға түсе алмай, үшінші жыл ғана ойлаған жоғары оқу орнына түседі. Ауылдан келген баланың орысшасы да шамалы болып, одан да қиыншылық кереді. Бәрін

жеңе отырып, жақсы оқиды. Сөйтіп жүргенде Кенжекеңмен кездесіп, үшінші курста екеуі қосылып, отау тігеді. Онда да алғашқы жылдары үй болмай, пәтерден пәтерге көшіп жүрген. Сүйген жар Москваға аспирантураға оқуға кетеді. Жұмыс, жас бала, қолда өнесі бар. Жас анаға ол да жеңіл болмайды. Әйтеуір, арты қайыр. Екеуінің де еңбектері жанып бүгінгі өмірлеріне шүкіршілік айтып отырғанын жоғарыда аталған ғұмырнамалық кітабында жазыпты.

Заман өзгерсе, адамның да өзгеретіні анық. Ал менің жеңгем Нағытай болса, қиянатқа жол бермес еділдіктің, араздыққа жол бермес парасаттылықтың, күпірлікке жол бермес имандылықтың, қатыгездікке жол бермес меірімділіктің ғажап үлгісіне айналған, сөзінің тапқырлығымен, тілінің өткірлігімен, өзгенің нәрін келтіретін шешендігімен, жөн-жобаны білетін құлықтылығымен, құрылыс саласын түсінетін біліктілігімен, әр істің дәлел дәлдігімен ерекшелене түсіпті. Оның ойлы кезі мен нұр төгілген жүзінен, шуақ шашылған ыстық сезімінің өзінен де ерекшелік байқалады.

Кенжеғали Әбенұлының замандастарының өзі Нағытай туралы керемет ой-пікірлерін, ойтүйіндерін қағазға түсіріпті. Мысалы, академик Төрегелді Шарманов: "У Кенжеғали Абеновича есть умная, красивая жена Нагытай, направляющая, объединяющая сила счастливого семейства Сагадиевых", деп жазыпты. Атақты ғалымның бұл сөзіне сез, ойына ой қосудың өзі қарапайым ауыл қазағына артықтау болар. Солай десек те, Нағытай Әбітайқызы, әрден қозғасақ, Жиреншенің Қарашашы, Бәйдібектің Нұриласы (Домалақ ана), Шақшақ Жәнібектің Айнагүлі, ал беріден қозғасақ, Ахметтің (Байтұрсынов) Бәдрисасы, Сәбиттің орысшасы да шамалы болып, одан да қиыншылық кереді. Бәрін

сияқты. Осылардың сабақтас жалғасы іспеттес. Тіпті академик Кенжеғалидің әйелі деген бір ауыз сөздің өзі не тұрады. Оның үстіне ақылына керкі сай, сезіне ісі сәйкес, оқығаны мен тоқығаны мол, араздықтың ашытқысы емес, ұйымшылдықтың ұйытқысы болғанын қоссақ, жоғарыда аталып өткен аяулы аналар сияқты біздің кейіпкеріміз де Кенжеғалидің Нағытайы атанып, тарих бетінде қаларында сез жоқ.

Кенжекеңнің 75 жылдық мерейтойында Әулікелде жасаған баяндамада, Нағытай жеңгем: "Нағытай, қазақта ерін сыйлаған әйелді елі сыйлайды деген нақыл сөз бар... Сондықтан да сені елің, жұртың, ағайын-туыстарың, жора-жолдастарың құрметтейді, ардақтайды, құшақ жая қарсы алады. Жастар үлгі тұтады, үлкендері баталарын береді", – деген болатынмын.

Иә, Нағытай Әбітайқызы бұл күндері адал жар, қамқор жұбай, аяулы ана, көргенді келін, енегелі ене, асыл әже, ақылды абысын, құрметті құрбы, жетелі жеңге болып, осылардың бәрін бір басына сыйдырып жүр. Бұл да әркімнің маңдайына, пешенесіне жазылмаған да, қонбаған бақыт. Осы бақытыңызға бақыт, абыройыңызға абырой қосылып, көзіңіз кереген, құлағыңыз сезімтал, денсаулығыңыз тамаша болып ұзақ уақыт жүре беріңіз. Жетпіс бес мерейтойыңыз құтты болсын!

Ауырлық, қиындықтан жасқанбаған,  
Елімнің сыйлысы боп асқан баған.  
Жасай бер, Кенжекеңмен әсем жеңгем.  
Ақ туын махаббаттың құлатпаған,  
Ұрпағың, ел-жұртымыз аман болып,  
Құтты болсын 76-ға басқан қадам.  
**Сағындық**  
**ДОСМАҒАНБЕТОВ,**  
**Әулікел ауданының**  
**Құрметті азаматы.**

## Әнді сүйсең, Абайша сүй

"Гимнастика адамның сыртқы келбетін әсемдесе, музыка адамның ішкі жан дүниесін ерекшелендіреді" – педагог Антон Макаренко айтып өткендей, ән-күй сабағының біздің ұрпаққа берері мол. Ыбырай Алтансарин атындағы дарында балаларға арналған мектеп-интернатында осыған ерекше кеңіл белінген. Мектеп оқушылары бос уақыттарын тиімді пайдаланып, ездерінің шығармашылық қабілетін шыңдау мүмкіндігін қалт жібермеуге тырысады. Өнерлі жастар әсіресе, ана тіліміздегі әндер мен күйлерге ынтық.

Мектептегі ән үйірмесіне қатысушылар тек ән айтып қана қоймай, кәсіби сахналық шеберлікті де үйренуде. Үйірмеде бақытты балалық шақ, мектеп, ұстаздар, Отан, туған жер тақырыбындағы Роза Бағланова, Бибігүл Телегенова, Ермек Серкебаев іспетті қазақтың талантты тұлғаларының репертуарларындағы әндерден бастап, Әлібек Дінішев, Роза Рымбаева, Нағима Есқалиева, Мақпал Жүнісова сияқты апаларымыз бен ағаларымыздың әндері, қазіргі заман үлгісіндегі, ретро және қазақтың халық әндері жиі айтылады.

Балалардың шеберлігін шыңдаған тынымсыз тірліктің нәтижесінде, мектеп оқушылары қалалық, облыстық, республикалық байқауларға ұдайы қатысып, жүлделі орындарға иігіліп отырады. Солардың бірі 4-ші және 7-сынып оқушыларынан құралған хор. Олардың орындауындағы балалық шақтың әндерін тыңдарман қауымның ыстық ықыласпен қабылдайтынын айта кеткен жөн. Ән-күй немесе басқа да үйірмелердің балаларға берері, үйретері көп. Осыған сай, мектеп жұмысы тәрбие бағытындағы жұмысын одан әрі жетілдіре түсуді жоспарға алған.

**Түлкібек РЫСМАҒАНБЕТОВ,**  
**Ы.Аптынсарин атындағы**  
**дарынды балаларға арналған**  
**мектеп-интернаты музыка**  
**пәнінің мұғалімі.**

## Лауазымды тұлға жұмыстан қуылды

Шұға  
ҚОНҚАБАИ

Қостанай облыстық прокуратурасының баспасөз қызметі аталған құзырлы орган қызметкеріне қатысты шұғыл мәлімдеме таратты. Үстіміздегі жылдың 2 наурыз күні таңғы 6.30-да Абай даңғылы мен Хакімжанова кешесінің қиылысында "BMW" автокөліпін тізпіндеген Қостанай қалалық прокуратурасының бөлім басшысы Ч.Шериязданов жол ережесін ерескел бұзып, "Лада-Калина" автокөлігіне соқтығысады. Оқиға салдарынан "Лада-Калина" келігінің жүргізушісі айтарлықтай дене жарақаттарын алып, Қостанай қалалық ауруханасына жатқызылды. Оның денсаулығы бірқалыпты, өміріне қауіп теніп тұрған жоқ. Ал жол-көлік оқиғасына себепкер болған құзырлы орган қызметкерінің сол сәт ішімдік ішкені анықталған. Аймағымыздың кейбір ақпарат кездері прокуратура өкілі бағдаршамның қызыл түсіне тоқтамаған деген бейресми хабар да таратып үлгерді.

3 наурыз күні облыстық прокуратураның қызметтік тексеруінен кейін құзырлы органның беделіне нұқсан келтірген Ч.Шериязданов қызметінен қуылды. "Тәрбие жұмысын жеткіліксіз жүргізіп, жоғарыдағы оқиғаға жол бергені үшін Қостанай қаласының прокуроры Ә.Ерекешевке қатаң сөгіс берілді" делінген баспасөз хабарламада.